

изучения разных дисциплин с учетом их экологизации способствуют формированию диверсификационного компонента экологической компетентности.

Формирование в процессе профессионального обучения структурных компонент экологической компетентности студентов (мотивационного, гностического, организационно-процессуального, диверсификационного) способствует повышению их образовательного, личностного потенциала в сфере решения проблем обеспечения экологической безопасности при осуществлении профессиональной деятельности в энергетической отрасли промышленности.

Список литературы

1. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года // Педагогический вестник. — 2003. — № 12.
2. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики / 2-е изд. — М.: Педагогика, 1984. — 95 с.
3. Лернер И.А. Процесс обучения и его закономерности. — М.: Знание, 1980. — 164 с.
4. Захлебный А.Н. Школа и проблемы охраны природы. — М.: Педагогика, 1981. — 124 с.
5. Хуторский А.В. Современная дидактика: Учеб. пособие. 2-е изд. перераб. — М.: Высш. шк., 2007. — 639 с.
6. Хуторский А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированного образования // Народное образование. — 2003. — № 2. — С. 58–64.
7. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. — М.: Политиздат, 1977. — 304 с.
8. Харламов И.Ф. Педагогика. — Минск: Университетское, 2001. — 272 с.
9. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и колледжей / Под ред. П.И.Пидкасистого. — М.: Педагогич. об-во России, 2001. — 640 с.
10. Толковый словарь иноязычных слов. — М.: Эксмо, 2007. — 944 с. — (Библиотека словарей).

ӘОЖ 37.01:93 (574)

Қ.А.Сарбасова

Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

В статье раскрывается методологическая и функциональная сущность становления современной казахской педагогической науки как составной части мировой педагогики. Систематизирован понятийный аппарат применительно к проблематике современной педагогической науки: «народная педагогика», «этнопедагогика», «казахская этнопедагогика», «казахская педагогика», выявлены закономерности становления и развития казахской педагогики в контексте мировой педагогики.

Methodological and functional essence of the formation of the modern kazakh pedagogical science opens in article as component part world pedagogics. It is systematized notional device with reference to to problem of the modern pedagogical science: «public pedagogics», «ethnic pedagogics», «kazakh pedagogics», is revealed regularities of the formation and developments kazakh pedagogical context world pedagogics.

Тәуелсіз Қазақстандағы жаһандану үдерісі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар алдына түбегейлі реформалау міндетін қойып отыр. Әлемдік өркениетке ену жағдайында түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің негізінде ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңғыртудың мүмкіндіктерін толық жүзеге асыру қажеттілігі туындап, педагогика ғылымын әрбір халықтың ұлттық ерекшелігіне сай жетілдіру мәселесін қарастыру көзделуде.

Кеңес дәуірінде педагогика ғылымы шектен шыққан идеологиялану нәтижесінде үлкен дағдарысқа ұшырағанын жоққа шығаруға болмайды. Педагогиканың идеологиямен етене теңестіріліп, түгелінен мемлекеттік бола түсуі әлеуметтік шындықтың нақты қайшылықтарын сыни және объективті түрде талдау мүмкіндігін шектеді. Педагогика ғылымының тұжырымдамаларын қоғамдық өмірдің ағымын өзгертуге болатын әлеуметтік технология ретінде қолдану бұрынғы кеңес заманындағы педагогикалық білімнің тиісті деңгейде дами алмауына себепші болды.

Педагогика ғылымы саласындағы дағдарыстың себебі болатын тағы бір құбылыс рухани мәдениеттің бедерсізденуі болып табылады. Бұл үрдістер қазақ халқының ұлттық дүниетанымының өзіндік қайнар көздері мен түп-тамырларын елемеуге әкеліп соқтырды. Педагогикалық ілімдер тәрбиенің абстрактылы, қайшылықсыз сызбалары ретінде қарастырылды. Мұндай жағдайлар ресми мәдениеттің идеологияланған кеңістігінде ғана қалыптасуы мүмкін еді. Ал нақты өмірде, әсіресе қазақ халқының бай рухани әлемімен және ұлттық психологиясымен түйіскенде бұл теориялар әр түрлі қайшылыққа толы қорытындылар жасайтыны айғақталды. Сырт көзге дұрыс болып көрінетін абстрактылы қағидаттар халықтың тіршілік әлемінен, тәрбие ортасынан оқшау тұрғандықтан, өзінің дүниетанымдық маңыздылығы мен әлеуметтік құндылығын жоғалта бастады.

Педагогикалық теорияның мемлекеттік идеологияның ықпалында болуы, ұлттық рухани мәдениеттің ерекшеліктерін елемеушілігі отандық педагогикалық ілімнің әлемдік педагогикалық бірлестіктен оқшаулануын туындата бастады. Әлемдік педагогикалық мектептердің негізгі бағыттарымен идеялық текетірістік жағдайында болу өзара тиімді дүниетанымдық және әдіснамалық үнқатысуды жүргізу мүмкіндігін шектей түскен болатын. Біздің педагогиканың томаға-тұйықтығы тәрбие мен білім беру мәселелерінің практикалық шешімін іздеуде догматизм мен әдіснамалық әлсіздікке әкеліп соқтырды. Екінші жағынан, педагогика ғылымындағы осындай қайшылықтардың тамырлары әлеуметтік жаттану үдерістерімен астасады. Бұл адамның меншіктен жаттануы, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық педагогикасынан жаттануы, тіпті адамның өз мәнін, тарихы мен мәдениетін, тілі мен дінін жатсынуы болып табылады. Соның салдарынан адамдар әлеуметтік үдерістердің қарапайым құралы мен объектісіне айналды. Сондықтан қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында халқымыздың рухани ахуалына сәйкес педагогика ғылымы өз мазмұнын әлеуметтік жаттануды еңсеру жолдары мен ерекшеліктерін анықтауға бағыттауы тиіс. Мұның өзі біздің ұлттық болмысымызға сай қазақ педагогикасының әдіснамасын жасауды қажет етеді. Қазақ педагогика ғылымы әлемдік педагогика тұрғысынан қазақтың ұлттық рухы, менталитеті мен тәрбие ерекшеліктерінің қалыптасуы мен даму тарихын тұжырымдай отырып, өз бойында әлемдік мәдениеттің жетістіктерін жинақтап, жалпыадамзаттық тәрбие тәжірибесін танытатын ғылым болуы тиіс.

Еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына мәдениеті мен тарихын жаңғыртып жатса да, күні бүгінге дейін Қазақстанда педагогика ғылымы еуроцентризмнің ықпалынан шыға алмай отырғанын жасыра алмаймыз. Ұлттың болашағын ойлаған ғалымдарымыз бұл мәселені жан айқайымен көтеріп жүрсе де, ол әлі шешімін таппай отыр. Сөзіміз дәлелді болуы үшін белгілі ғалым М.Мырзахметовтың мына пікірін келтіруді жөн көрдік: «Айрықша мән беретін мәселенің бірі – қазіргі еуропалықтардың мінез-құлқы мен рухани болмысына еліктеу мен солықтау жағынан біздің қазақ жастары бәйгенің алдын берер емес. Әсіресе ұлы Абай «Арсыз болмай мал қайда, айлакер болмай бақ қайда?» – деп таңбалап айтқанындай, ада қазақтар мен шала қазақтардың қоғам байлығын «занды жолмен» талап алып, бойына сіңіріп қалу үшін азаматтық қоғам деген модельге бас ұрып, насихаттап жатуы жай нәрсе емес. Бұл танымға ұлтсызданған тоғышар пиғылдағы ұлттық буржуазия мен осы пиғылды іштей жақтаушы кейбір саяси биліктегілердің мүддесі жақын тұрғандай сезіледі. Біздегі ұлтсызданған буржуазияның американдық азаматтық қоғам үлгісіне құлша табынып армандауына – біздегі мәңгірттенген көнбіс тобыр ғана көнеді. Бұл ниеттегілердің және олардың қолтығына су бүркейтін сыртқы идеологтардың бәрі де ұлттық мемлекет дегеннен зәре-құты қалмайды. Осы құбылысты сырттан бақылап отырған ойшыл жазушы Ш.Айтматовтың Мұхтар Шахановқа жазған пікірінде: «...В.В.Путин орыс тілін білмеген адамның Ресей азаматы бола алмайтынын кесіп айтты... Өздерінде қойылып отырған «қазақстандық ұлт» идеясы, негізінен, американдық бағытқа жақындау, қателеспесем, тікелей ұлтсыздануға бастайтын жол сияқты» деп қауіптенуінің негізі бар жанды пікір. АҚШ-тың қоғамдық болмысы бізге мүлде жат құбылыс. Еуропадан байлық көзін іздеушілер 12 млн. үндістердің көзін жойып, солардың сүйегінің үстіне орнатқан азаматтық мемлекет – ұлтсызданған мемлекетке айналып, американдықпыз деген танымды орнықтырды. Біздегі «қазақстандық ұлт» деген идея осы американдықпыз дегеннің қазақстандық баламасы болып жүрмесіне кім кепілдік бере алады. АҚШ мемлекетінің болмысы мүлде басқа космополиттік қалыптағы өзгеше қоғам. Ал, біздің болмысымыз көшпелі өркениет негізінде рухани құндылықты ар тұтқан, өзіндік қайталанбас ерекшелігі бар мүлдем басқа қоғам.

Еуроцентристік қалыптан шыға алмау Қазақстандағы педагогика ғылымы саласында анық байқалады. Біздер оқытып, тәрбие құралына айналған педагогика ғылымының моделі еуропалық халықтардың тұрмысы мен қоғамдық болмысы негізінде жасалған. Қазіргі барлық оқу орындарындағы тәлім-тәрбие осы ғылымның негізінде жүргізіліп келеді. Ал, түрік халықтарының

көшпелі болмысы өзіне сай қайталанбас ерекшелігі бар өркениетті тудырды. Біздің халықтық педагогикалық танымымыз осы өркениет негізінде жасалып, ғасырлар бойы қолданыста болып толысқан еді» [1].

Қазақстанда педагогика ғылымының еуроцентристік қалыптың шырғауында отырғанын педагог-ғалымдарымыз да мойындайды. Белгілі жазушы, педагогика ғылымдарының докторы С.Ғаббасов халық педагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттей отырып, ұрпақ тәрбиелеудің негізі болатын екі сатыдағы әдіснаманы және тәрбиенің жеті жүйесін ұсынады. Ғалымның пайымдауынша, ұсынып отырған әдіснамасының «еуроцентристік әдіснамадан бір ерекшелігі, А.С.Макаренко секілді әйгілі педагогтардың «баланы туғаннан бастап тәрбиелеу керек» деген ұстанымына қарсы «баланы туғаннан бастап тәрбиелеу кеш» деген ұстаным болып табылады. Туғаннан бастап тәрбиелесек – ол қисық біткен бұтақ. Осы қисық бұтақты түзеймін деумен не ата-ана сынады, не бала сынады. Бүгінгі трагедияның үлкені – осы. Және осы еуроцентристік әдіснама баланы туа салып «тұлға» деп таныды. Қызылшақа шарана қайтп тұлға болады? Міне, осыны әдіснаманың ең үлкен қателігі деп есептейміз. Сондықтан адам тәрбиесі әдіснамасын екіге бөлуге болады. Біріншісі – биологиялық индивид, екіншісі – сананы жетілдіру сатысы. Биологиялық индивид сатысынан өз-өзінен жүрек тәрбиесі жүйесі шығады. Сананы жетілдіру сатысынан ақыл тәрбиесі шығады. Бұл екі жүйе не береді? Екеуі де тәрбие тәсілін береді. Биологиялық индивид – ана құрсағындағы жүрек тәрбиесі арқылы жанның он екі арнасы ашылады. Жан жетіле түседі. Мысалы, біз сәбиді қырқынан шығарамыз. Ол не деген сөз? Бала қырық күнде ақ пен қараны ажыратып, жан-жағына таң-тамаша болып таңырқап қарайды. Санаға себезгіленіп сәуле түседі. Сана жетіле бастайды. Жүрек тәрбиесі мен сананың жетілуі қатар жүре бастайды. Осы екеуін үндестіру арқылы рух қуатын аламыз. Ол қалай? Оны біздің бесігіміз, бесік жыры үндестіреді. Бұл – әдіснамадағы жаңа сипат. Жан дегеннің не екенін түсіндік пе? Жан – бүкіл тіршіліктің формасы екенін білеміз де, оның үш түрлі сипатын түсіне бермейміз. Адам жанының он екі арнасы – түйсік, ұят, сүю, мінез, зерде, жігер, табиғи қабілет және ішкі бес сезім. Міне, осы он екі арна қазір түгелімен жабық. «Тілінді сүй», «Отаныңды сүй» дейміз, бала тындап отырғанда сүйетін сияқты, сыртқа шыға бере ұмытылады. Неге? Арна жабық. Үгіт, насихат тындап отырғанда сүйетін сияқты, нақты жағдайға келгенде арнаның жабықтығы сүйгізе алмайды. Егер адам арналары ашық болмаса, адамзаттық, ұлттық санаға жете алмайды. Бүгінгі педагогикадағы ең үлкен кемшілік – дұрыс әдіснама жоқ. Біз әдіснамаға ұсынып отырған жеті түрлі жүйе жалпы педагогикада жоқ. 1. Отбасы құруға дайындық, немесе ұрық тазалығы. 2. Ана құрсағындағы тәрбие. 3. Нәресте кезеңі. 4. Балбөбек кезеңі. 5. Сәбилік кезеңі. 6. Балиғат. 7. Жасөспірім кезеңі. Осы кезеңдердің әрқайсының өз тәрбие-тәсілдері бар» [2]. «Жансыздан жандының сипатын танытын Шығыстың философиясының» ұлылығын мойындаған ғалымдар қазақ педагогика ғылымының өзіндік әдіснамасы болу керектігін тұжырымдауы өте құптарлық жайт.

Педагогика ғылымының жеткілікті жоғары деңгейде дамуы білім берудің дамуы мен болашағын болжауға мүмкіндік береді. Білім берудің қазіргі кездегі теориясы мен тәжірибесі әлеуметтік дамудың, қазақстандық білім беру жүйесін ізгілендірудің шынайы талаптарына толық жауап бермейтіні анық. Бұл, біз жоғарыда айтып өткеніміздей, педагогика ғылымының гуманитарлық ғылымдар саласы ретінде әміршілдік-әкімшілік жүйенің жағымсыз ықпалында болуы, мұның өзі оның дамуын тежеді. Кеңестік дәуірде педагогиканың дағдарысқа ұшырауының бірден-бір себебі оның әдіснамалық негіздерінің идеологиялануы болып табылады, оның негізін тәрбиеге таптық тұрғыдан қарау қағидасы құрады. Мұның өзі әрбір ұлттың педагогикасының дамуын әлемдік педагогикалық тәжірибеден және жалпыадамзаттық гуманитарлық мәдениеттен аластатты. Қазақстанның тәуелсіздік алуы, мемлекетіміздің ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық мәдениетімен, игі дәстүрлерімен тереңірек таныстырып, солардың негізінде тәрбие мен білім беруге жол ашты. Соның нәтижесінде халықтық педагогика және қазақ этнопедагогикасы саласында тың ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Ғылыми айналымға «этнопедагогика» терминін тұңғыш рет ендірген чуваш ғалымы, профессор Г.Н.Волков екені ХХ ғасырдың 60-жылдары ортасында белгілі болды [3]. Ал Қазақстанда «этнопедагогика» терминін тұңғыш рет 1978 жылы профессор Қ.Жарықбаев өзінің «Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің даму тарихынан» атты әдістемелік ұсынысында берген еді. Ол «халықтық педагогиканы халықтың тәрбиелеу және оқыту туралы білімдерінің қосындысы; тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы», ал «этнопедагогиканы халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы; ұлттар мен ұлыстардың атадан балаға мирас болған тәлім-

тәрбиелік тәжірибесінің (дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, т.б.) қыры мен сыры туралы ғылым» [4] деп анықтамалар беріп, қазақ этнопедагогикасының мазмұнын ашты.

Халықтық педагогика және қазақ этнопедагогикасы саласында тың зерттеулер жүргізіп, Қазақстанда өзінің дара ғылыми мектебінің қалыптасқанымен, биік тұғырдан орын алатын көрнекті ғалым С.А.Ұзақбаева «Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие» атты докторлық диссертациясында тарихи-педагогикалық зерттеулерде халықтық педагогикаға берілген анықтамаларды сараптай отырып, бұл ұғымның мәнін былай ашып көрсетеді: «Халықтық педагогика – тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер) беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан. Халықтық педагогиканың мақсаты – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарына тәрбиелеу» [5]. Ғалымның жетекшілігімен орындалған кандидаттық және докторлық диссертацияларда қазақ этнопедагогикасы материалдарын жоғары, арнайы орта оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процесінде пайдалану мәселелері қарастырылады. Бұл зерттеулерде қазақ этнопедагогикасы материалдары халықтың бала тәрбиесінде пайдаланған құралдары (тәрбие құралдары), яки салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, халық шығармашылығы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер), ата-тек шежіресі, діни ілімдер, философиялық, этикалық, педагогикалық озық ой-пікірлер мен идеялар ретінде пайдаланылады.

Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы мәселесімен айналысқан белгілі ғалым Қ.Бөлеев «халықтық педагогиканы халық бұқарасының тәрбиелеу мен оқыту туралы ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелері мен білімдері, өйткені қазақ халқы «ғылым негізі – тәжірибе, даналық негізі — білім» деп, ал «этнопедагогиканы халықтық педагогиканы зерттейтін ғылым саласы» ретінде анықтайды [6]. Докторлық диссертация көлемінде жасалынған «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау» тұжырымдамасында жоғары оқу орындарында студенттерге этнопедагогикалық білім беру мақсатында «Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» пәндерін оқыту көзделеді.

Қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуші К.Ж.Қожахметова өзінің еңбегінде «қазақ этнопедагогикасы» ұғымын былай анықтады: «Қазақ этнопедагогикасы — педагогика ғылымымен қазақ философиясы, этнопсихология, этнос теориясы, педагогика тарихы, қазақ тарихы, этнография, фольклористика нысанасы қазақ этностық тәрбие жүйесі болып табылатын мәдениеттану түйісер тұста қалыптасқан біртұтас жүйелі білім беру болатын, адам өмірінің өн бойында, отбасында және білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын дербес педагогикалық оқу пәні» [7; 149].

Автор, басқа зерттеушілер секілді, этнопедагогиканы педагогика ғылымдары жүйесінің табиғи бір бөлігі ретінде қарастырып, өзінің таным объектісін зерттеуге педагогиканың қазіргі заманғы бүкіл жетістігін пайдаланатындығын көрсетеді.

К.Д.Ушинскийдің «ғылым тәрбиемен араластырылмауға тиіс. Ол барлық халыққа ортақ...» [8] деген қағидасына сүйене отырып, қазақ этнопедагогикасын зерттеуге деген өзінің бастапқы көзқарасын былай негіздейді: 1) жалпы – педагогика ғылымы; 2) ерекше – этнопедагогика; 3) жеке – қазақ этнопедагогикасы.

Автордың пайымдауынша, ғылым, шынында да, ұлттық бола алмайды, ол зерттеу объектісі, қолданылатын әдістер, заңдар, заңдылықтар және т.б. тұрғысынан жалпыға ортақ. Бірақ ғылым нысанасының өз ерекшелігі, яғни әрбір ғылымның өз нысанасы бар сияқты, бір ұлттың этнопедагогикасы екінші ұлттың этнопедагогикасынан өз нысанасымен және осыдан туындайтын өз салдарларымен ерекшеленеді, яғни қазақ этнопедагогикасының нысанасы қазақ этностық тәрбие ерекшеліктері бола алады [7; 54].

Біз автордың ой-тұжырымымен келісеміз. Өйткені К.Д.Ушинский айтқандай, әрбір халықтың тәрбиелік идеялары рухқа қаныққаны соншалық, оларды бөтен топыраққа, яғни басқа халықтың өзіндік ерекшеліктерін ескермей көшіре салу әсте мүмкін емес. Бұл жеткіншіктердің рухани қорын (білімін, ана тілін жеткілікті дәрежеде білуін, мәдени деңгейін, адамгершілік парасаттылығын, жеке танымдық ой-өрісін) шектейді. Ал «рухани қордың негіздері болса, ең алдымен өз халқының ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін игеру және оларға тікелей іс жүзінде қатысу процесінде қалыптасуға тиіс. Ұлттық әдет-ғұрып ұлттық намыспен, патриотизм және интернационализммен байланысты ұлттық сезімдерді дамытуға да, жәрдемдесуге тиіс [8; 21]. Демек әрбір жас ұрпақ жалпыадамзаттық, әлемдік деңгейге тек өз халқының асыл байлығын меңгергенде ғана көтеріле алады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, бізге этнопедагогика әлеуметтік және қоғамдық жағдайлардың ықпалымен қалыптасқан ұлттың өзіне тән тарихи жолын, сол жолда тәрбие саласында қалыптасып, жүзеге асқан өзіндік ерекшеліктерін зерттейді, атап айтқанда, діни ілімдерде, халық шығармашылығында (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы), отбасы өмірінде, тұрмыста, салт-дәстүрлерде орын алған халықтың балаларды тәрбиелеу мен үйрету (оқыту) туралы білімін, халықтың бүкіл даналығын, сондай-ақ жеке адамның әлеуметтік және тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасуына ықпал ететін философиялық, этикалық, педагогикалық ой-пікірлері мен көзқарастарын, яғни тәрбие барысында қалыптасқан педагогикалық қағидаларын, ережелерін, заңдылықтары мен принциптерін, құралдарын, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын жинақтап, жүйеге келтіреді деп түйіндеуімізге себепші болды. Мұның өзі күні бүгінге дейін біз тәрбие саласындағы барлық ұлттық құндылықтарымызды тек педагогика ғылымының бір саласы — этнопедагогика тұрғысынан алып қарастырып келе жатқанымыздың дәлелі болып табылады.

Қазақ педагогикасының өзіндік төл ерекшелігі оның ізгілендіру мен парасаттылықты, адамгершілік пен адами құндылықтарды жоғары қоятын бай халықтық педагогика мұраларымен айрықша орын алады. Егер де біз қазақ педагогика ғылымын дамыту барысында тағы да батыстық үлгімен кетсек, қателесетініміз анық. Біз түркілік төл дәстүрімізді сақтай отырып, ұлттық ойлау, ұлттық болмыс өзгешелік-ерекшеліктерімізді нығайта түсіп, қазақ педагогикасын шығыс педагогикасының үлкен бір саласы ретінде қалыптастыру деңгейіне қол жеткізуіміз керек.

Қазақтың болмысы түрлі мәдениеттің тоғысында қалыптасқан, ал қазақ педагогикасы рухани мәдениет дамуының қалыптасқан белгілі бір бағдары, деңгейі болып табылады. Қазақ педагогика ғылымының қалыптасуын зерттеу барысында мынадай екі талапты басшылыққа алу керек:

- тарихи-педагогикалық танымның әдіснамасы;
- тарихи-педагогикалық ілімнің құрылымы.

Осы уақытқа дейін қазақ педагогикасының әдіснамасының жасалмауы мен оның теориялық деңгейде толық зерделенбеуі қазақ этнопедагогикасы мен қазақ педагогикасын бір мағынада қабылдауға алып келгені ақиқат. Олай деуге қазақ педагогикасының объектісінің, мазмұндық құрылымы мен мақсатының анықталмауы себеп болып отыр. Қазақ этнопедагогикасы өзіндік ұлттық сипаты бар педагогиканың бір саласы болып табылса, қазақ педагогикасы адам тәрбиелеудің жалпыадамзаттық құндылықтарын қамтитын әлемдік педагогиканың құрамдас бөлігі болып саналады. Бүгінгі таңда қазақ педагогикасын бірден ұлттық тарихтың немесе ұлттық сананың, тәжірибенің үлгісі ретінде қараушылық айқын. Мұның өзі оның өз алдына дербес ғылым ретінде қалыптасуына, әрі дамуына кедергі жасап отыр. Сондықтан қазақ педагогика ғылымының әдіснамасын жасауда мынадай мәселелер өз шешімін табу керек деп есептейміз:

1. Қазақ педагогика ғылымы қалыптасуының тарихи кезеңдерін, әлеуметтік тегін талдау, оның басқа ғылымдармен өзара ықпалдастығы мен байланысын ашып көрсету.

2. Қазақ педагогикасының негізгі идеялары мен рухани бастауларын көркемдік-философиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан талдау.

3. Қазақ педагогикасының қайнар көздері көшпелілер мәдениеті мен түркі өркениетінен нәр алатынын ғылыми тұрғыдан негіздеу.

4. Қазақ педагогикасы қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің ұлттық деңгейі мен көрінісін қамти отырып, жалпыадамзаттық рухани мұқтажын өтеуге қызмет ететіндігін дәлелдеу.

5. Қазақ педагогикасы ғылымының әдіснамасы мен оның мазмұндық құрылымын жасау.

6. Қазақ педагогикасының келешегін айқындау, яғни болашаққа қызмет етуін қамтамасыз ету. Қазақ педагогикасы тарих пен мәдениеттің өткен кезеңдерінің мәселелерімен ғана шектелінбейді, ол халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі бүгінгі тәжірибесін, тіпті оның болашаққа жету бағдарын да қамтып тұжырымдауға бейім болуы, тіпті соған қызмет етуі шарт. Жасыратыны жоқ, қазақ педагогикасы дегенде өткен тарихқа көңіл аудару, оның мәселелерін зерттеу айқын басым. Қазақ педагогикасы әзірге болашаққа қызмет ететін күйде емес екені рас. Сондықтан да қазіргі кезде қазақ педагогика ғылымын мойындамаушылар, оның табиғатына күмәндана қараушылар аз емес екені шындық. Ұлттық ұстаным – халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі мол тәжірибесін, педагогикалық ілімін пайдалануға, оның өсіп-өркендеп дамуына еліміздің тәуелсіздігі мүмкіндік беретіні айдан анық. Мұның өзі қазақ педагогика ғылымын өз деңгейіне көтеру, оның әлемдік педагогикадағы өлшемін айқындау және ұлттық тұжырымдамасын жасауға күш салу міндеттерін алға қояды.

Қазақ педагогикасы, ең алдымен, түркі өркениетінен бастау алатын қазақ халқының ұрпақты тәрбиелеу, білім беру, оқыту мәселелерімен айналысады, қазақ ағартушыларының педагогикалық идеялары мен тұжырымдамалары негізінде педагогика ғылымының заңдары мен заңдылықтарын,

бағыттары мен ағымдарын, іргелі педагогикалық теориялары мен қағидаларын айқындайды, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық болмысына сай педагогика ғылымындағы барлық ғылыми жетістіктер мен педагогикалық мұраларды басқа қоғамдық құбылыстармен, ғылымдармен, идеологиямен, т.с.с. байланыста зерттейді. Басқа кез келген ғылымдар сияқты, қазақ педагогика ғылымы да фактілерді тек ашып қана қоймайды, оларды түсінуге мүмкіндік жасайды. Ғылымға да тән нағыз шынайы ерекшелік оның табиғаттың, қоғамның және ойлаудың даму заңдарына қатысты болуы, оларды ашу және танып-білу болып табылады. Философияда заң, заңдылықтар деп объективті, мәнді, берік (тұрақты) және қайталанатын себеп-салдар байланысты айтатыны белгілі. Осыдан қазақ педагогикасы көшпелі мәдениет пен түркі өркениетінен рухани бастау алатын қазақ халқының ұлттық болмысына, халықтық тәжірибесіне сай балалар мен ересектерді тәрбиелеу, білім беру және оқыту заңдары мен заңдылықтарын зерттейтін ғылым деген қорытынды жасауға болады.

Қазақ педагогика ғылымының заңдары мен заңдылықтары әлемдік педагогикамен тығыз байланысты, мұнда тек ұлттық сана-сезім мен ұлттық ерекшеліктерге байланысты тәрбиенің болмысында өзіндік сипат болады. Әрбір заңдылықтардың арасында өзара мәнді байланыстар айқын көрінеді. Атап айтсақ:

- мектеп пен педагогиканың арасындағы, бір жағынан, қоғамның экономикалық деңгейі, екінші жағынан, саяси даму деңгейі тұрғысынан;
- қоғамның саяси жағдайы мен қоғамдық-педагогикалық қозғалыстар, педагогикалық теорияның даму қарқыны мен тәжірибе арасындағы;
- қазақ педагогикасы мен басқа ғылымдар (әсіресе қазақ философиясы, қазақ психологиясы) арасындағы;
- қоғамның әлеуметтік құрылымы мен қазақ халқының тәрбие жүйесі арасындағы;
- мектеп, білім беру мен тәрбие мазмұны және қоғамдық сананың басқа формалары (мәдениеті, дін және т.с.с.) арасындағы;
- қазақ педагогика ғылымының жетістіктері мен білім беру міндеттері және мазмұнының арасындағы;
- тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін факторлар арасындағы және т.с.с.

Осы заңдылықтардың барлығы өзара тығыз байланыста не себеп, не салдар, не байланыстырушы дәнекер ретінде әрекет етеді, жалпы алғанда, олар қазақ педагогика ғылымының тұтас бірлігін құрайды.

Қазақ педагогика ғылымы педагогика тарихымен тығыз байланысты, қазақ педагогикасының тарихы оның құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі екеуінің де қарастыратын мәселесі — тәрбиенің теориясы мен тәжірибесі, олар өзара ықпалдастықта, бірін-бірі толықтырып отырады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Мырзахметов М.* Қазақ қалай мәңгірттенді?! // www.turkestan.kz
2. *Ғаббасов С.* Халық педагогикасының негіздері. — Алматы: Өл-Фараби, 1995. — 463-б.
3. *Волков Г.Н.* Этнопедагогика. — Чебоксары: Чувашск. кн. изд-во, 1974. — 384 с.
4. *Жарикбаев К.* Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. — Алма-Ата: РУМК, 1978. — 82 с.
5. *Ұзақбаева С.А.* Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие: Пед. ғыл. д-ры ...дис. — Алматы, 1993. — 235 б.
6. *Бөлеев Қ.* Терең тәрбие тамыры // Қазақстан мектебі. — 1996. — № 6. — 44–46-б.
7. *Кожухметова К.Ж.* Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. — Алматы: Ғылым, 1998. — 317 с.
8. *Ушинский К.Д.* О народности в общественном воспитании: Собр.соч. — Т. 2. — М., 1965. — 492 с.